



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

талдап бүгінгі синтаксистік бағытпен салыстырып, көптеген категорияларды сараптап қазақ синтаксисінің қалыптасу тарихының бастамасын ашып көрсету, зерттеу жұмысының өзектілігі болып табылады. Синтаксисті ғылым деген ұғымда жұмсағанда, оны әдетте, грамматика ғылымының морфология сияқты, үлкен саласы деп білеміз. Оның өзі үш бөлімнен құралады. 1. Сөз тіркесінің синтаксисі; 2. Жай сөйлемнің синтаксисі. 3. Құрмалас сөйлемнің синтаксисі. Тілдің ең басты, бір тұтас ұйысқан бөлшегі - сөйлем. Сөйлем - тілдің қоғамдық қызметі пікір алмасудың ойды білдірудің негізгі тұлғасы. Ол қашаннан бері синтаксистік зерттеудің басты объектісі болып есептеледі.

П.М.Мелиоранскийдің синтаксисі «Простые предложения» деген тараудан басталады. Мұның өзі автор синтаксистің объектісін сөйлем деп білген. Автор осы еңбегінде сөз тіркесі мәселесін арнайы тақырып етіп көтермесе де, сөйлем мүшелерінің бір - бірімен байланысы жайлы ойларында сөз тіркесінің негізгі формалары толық қамтылады. Жалпы осы айтылған тарауды меңгертуде қолданылатын жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану қазіргі таңдағы негізгі мәселелердің бірі болып табылады.

Қазіргі кезде білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол ашуда. Осы тұрғыдан алғанда ұрпақ тәрбиесімен, білім беруімен айналысатын педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындап отыр. Бұл үшін оқытушылардың инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Ал жаңа технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып жаңа мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Сондықтан оқытушының біліктілігін көтеру мен шығармашылық педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгерудің маңызы зор деп білемін.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ахмет Байтұрсынов. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 21-142, 287 бб.
2. Бұзаубақова К. Жаңа педагогикалық технологияны меңгеру - міндет. // Қазақстан мектебі. № 9-10. 2005. 25-26 б.
3. Байғазиева Г. Жаңа педтехнология . // Қазақстан мектебі. № 8. 2005 . 53-54 б.
4. Бұзаубақова К. Жаңа педагогикалық технологиялар . // Қазақстан мектебі. № 4. 5-8 б. 2005
5. Арысбаева З. Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану ерекшеліктері. // Қазақстан мектебі. № 1. 2007. 69-70 б.

ӨОЖ 37.02

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ

Серикова Айзада Алданышовна,

бастауыш сынып мұғалімі

«Қостанай қаласы білім бөлімінің

№15 жалпы білім беретін мектебі» КММ

Аннотация

Қазіргі таңда жан- жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары, өз бетімен ізденуге қабілетті етіп қалыптастырудың бірден - бір жолы оқушыны шығармашылыққа жетелеу. Бұл мұғалімнен терең біліктілікті қажет етеді. Себебі шығармашыл ұстаз ғана шығармашыл тұлғаны қалыптастыра алады. Бүгінгі қазақстандық мектептерге қоғамның қарқынды дамуына ілесе алатын заман талабына сай ойлайтын ғылыми әдістемелік білімі жеткілікті, педагогика мен психологияны жақсы меңгерген ізденімпаз мұғалім қажет. Бұл мұғалім кәсіби шеберлігінен көрінеді.

Түйінді сөздер: инновация, кәсіби шеберлік, жаңа технология, шығармашыл тұлға.

Аннотация

На сегодняшний день одним из путей формирования всесторонних, глубоких знаний, высокого интеллектуального уровня, способного к самостоятельному поиску является приобщение учащихся к творчеству. Это требует от учителя глубоких знаний. Ведь только творческий педагог может сформировать творческую личность. Сегодняшним казахстанским школам необходим поисковый учитель, способный обеспечить динамичное развитие общества, умеющий мыслить в соответствии с современными требованиями, обладая научно-методическими знаниями, глубоким знанием педагогики и психологии. Это проявляется в профессионализме учителя.

Ключевые слова: инновация, профессионализм, новые технологии, творческая личность.

Abstract

Today one of the ways to form a comprehensive deep comprehensive, deep knowledge, high intellectual level, capable of independent search is the introduction of students to creativity. This requires deep

knowledge from the teacher. After all, only a creative teacher can form a creative personality. Today's Kazakh schools need a search teacher who is able to ensure the dynamic development of society, able to think in accordance with modern requirements, possessing scientific and methodological knowledge, deep knowledge of pedagogy and psychology. This is manifested in the professionalism of the teacher.

Keywords: innovation, professionalism, new technologies, creative personality.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті - білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау және оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен.

XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз - белсенді, білімді және денсаулығы мықты азамат болып табылады. Заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін білікті мамандар ұсынуы маңызды. Оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс... [1, 1,56]

Ұлы педагог Ушинский: «Мұғалім білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, іздеуді тоқтатса, мұғалімді де жойылады» деп айтқан.

Қазіргі күн талабына сай білім жүйесінің алдына қойған бастапқы мақсаты тұлға ретінде жан-жақты дамыған, алған білімін күнделікті өмірде пайдалана білетін, өзгелермен тілдесімде бола алатын, ізгілік пен елжандық қасиеттер бойына сіңірілген, бәсекелестікке дайын азамат етіп тәрбиелеу болып есептеледі. Сол үшін білім жүйесіне өзгертулер енгізіліп, бұл мәселенің шешілу жолдары жан-жақты қарастырылып келуде. Ең негізгісі білім сапасын арттыру мақсатында оқыту процесін оңтайландырудың қажет екендігін уақыт көрсетіп тұр. Жас буынға, ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бір әдісі жаңа - технология негіздері болып табылады, яғни инновациялық технологиялар. Қазіргі білім беру жүйесіндегі жаңа педагогикалық технологиялардың танымалдылыққа ие: саралап оқыту; дамыта оқыту; деңгейлеп оқыту; шоғырландырып, қарқынды оқыту; модульдік оқыту; блок - модульдік оқыту; жобалап оқыту технологияларымен қатар, тікелей ақпараттық - коммуникациялық технологиялар көмегімен жүзеге асырылатын: компьютерлік технология; желілік технология; интернет технология; интерактивтік технология деп аталатын түрлерін білім берудегі инновациялық технологиялар тобына жатқызамыз. Барлық технологияның алдымен қоятын мақсаты -білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылықтарын қалыптастыру болып табылады. [2, 8-96]

Қазіргі білім саласындағы инновациялық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан - жақты білгір маман болу емес. Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнің зейін - зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген ұстаздақ келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін- өзі дамытып, оқу- тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектесетіндігі хақ.

Инновацияны жете түсініп, инновациялық әдіс - тәсілдерін мектеп өміріне кеңінен енгізу жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алудың бірден - бір шарты болып табылады. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық - психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Бұл заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқытудың озық технологиялары мен инновациялық әдістерді сабақ үрдісінде тиімді пайдаланалатын білігі мен білімі жоғары ұлағатты ұстаз болу керек деген сөз. Ұстаздық жолды ұстанған тұлға үшін педагогикалық шеберлікті жетілдіру негізгі мақсат болып саналады. Өйткені мұғалімнің шеберлігі шәкіртті қалай, қалайша оқыту үшін оның психологиясын білу, екінші жағынан, оқытып- тәрбиелеудің әдіс - тәсілдерін, жолдарын терең білу және қолдана білу мен астасып жатқан мәселе.

Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер ол даналықты жүрекпен ұға білу болып табылады» - деп ұстаздық өнерге ерекше баға берсе, қазақ ағартушысы Ы.Алтынсарин «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім - мектептің жүрегі» дегені бекер айтылған сөз емес. Педагогикалық шеберліктің негізгі балалардың өз еркімен дамуына жол ашу, оқу - тәрбие процесінде оқушылармен педагогикалық ынтымақтастықта жұмыс атқарудың формаларын, әдістерін дамыту, шәкіртке деген қамқорлық пен сүйіспеншілігін арттыру, жұмыс әдіс - тәсілдерін жаңаша жандандыра түсу педагогикалық шеберліктерінің басты сипаты болып табылады. Сондықтан әрбір мұғалім күнделікті сабағына өмір талабына сай дайындалып педагогикалық технологияларды кеңінен пайдалануы тиіс. Ол заман талабы. Мұғалімнің шығармашылық жұмысы ең бірінші сабаққа даярлықтан басталады, яғни, етілетін сабақ жоспарын құру, оны өткізу әдістемесі, оқушылардың қабілеттерін, жас ерекшеліктерін ескере отырып, көрнекілік, техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды пайдалану. Мұғалімнің осы әрекеті арқылы оқушының шығармашылық қабілеті қалыптасады. Ал, шығармашылық қабілеттер шығармашылық елес, шығармашылық ойлау арқылы жүзеге асады. Оқушыны шығармашылық ойлауға, жылдамдыққа, икемділікке тапқырлыққа үйрету ол мұғалімнің әр сабағында қалыптасып отыратыны анық. Сабақта, жалпы білім беру мекемелерінде оқушыларға ыңғайлы және жайлы жағдай жасалу қажет, сонда ғана оқудан жақсы нәтиже шығады, ол тұлға ретінде жан- жақты дамитын болады. Қазіргі таңда білім берудегі жаңа әдістер оқушының өз бетінше білім алуына, танымдылық белсенділігін арттыруға, шығармашылығын қалыптастыруға, кез - келген мәселе жөнінде өз пікірінің

болуы және оны дәлелдей алуы тағы сол сияқты ықпал ететіндігі белгілі. Осы жаңа әдістерді қолдану кезінде педагогикалық - психологиялық талаптарды біріктіре отырып, оқушының оқу материалын терең игеруіне жағдай жасау қажеттілігі ескерілуі тиіс. М.Жұмабаевтың «Педагогика» деген еңбегінде «Сабақ барысында мұғалім оқушыға тақырыпты жеткізу үшін алдымен балаға жаңа беретін білімді жат күйінше емес, баланың бұрынғы таныс біліміне байлап берсін» делінген. Қазіргі кезде қолданып жүрген әдістерде бала бұрынғы өзі білетін нәрсенің ерекшеліктерін саралап, оның жетістігі мен қажеттілігі арқылы жаңа білімді алуға ұмтылады. [3, 17-25б]

Соңғы жылдары «компьютерлік технологиялар» деген ұғым «ақпараттық технологиялар» терминімен алмастырылуда. Бүкіл ақпараттық технологиялар компьютерлік оқытумен байланысты. Компьютерлік сауаттылыққа бүгінде 75% мұғалімдер сауатты деп ойлаймыз, барлық сабақтарда электронды оқулықтар «Topik.kz» мен bilimland.kz сонымен қатар сайттарға кіріп математика, қазақ тілі, әдебиеттік оқу пәндерінде теориялық материалдарды, видеолар, тестер, тапсырмалар орындап, өзін - өзі бағалауына мүмкіндік беретін тапсырмаларды орындатуға болады.

Мен өз сабағымда жаңа технологиялардың барлық түрлерін, соның ішіндегі ақпараттық коммуникативті технологияны тиімді пайдаланып келемін. Мысалы: сабақтарымда ақпараттық технологияны пайдаланып сабақтың тиімділігі мен сапасын арттырып, ақпараттық коммуникативтік технологияны барлық деңгейлерде жүйелі пайдалану арқылы оқушының сабақтарда алынған ақпаратқа талдау жасай білуге және өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыруға үйретудемін. Мектепте компьютерлік технологияны қолдану оқушы шығармашылығын арттыруда белсенді роль атқарады. Жеке оқушының компьютерде жұмысты сауатты орындауы, ақпарат көздерінен қажетті материалды ала білуі дара тұлғаның қалыптасуына әсер етеді. Компьютер оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса барлық сабақтарды компьютер арқылы жүргізу оқу үрдісін белсендіруге, проблеманы шешуге және шешім қабылдай білуге, оқушының өзін-өзі бақылауына мүмкіндік туғызады әрі оқушы ерекшелігін ескере отырып оқытуды жүзеге асырады. Оқытушы сабақты дұрыс жоспарлап, мақсатын нақты белгілеп алмайынша көздегеніне жете алмайды. Сабақтың мазмұнын, құрылысын, дәлдегін, жұмыс жүргізу тәсілін мұқият ойластыру қажет.

Қорыта келгенде, ақпараттық технологияның тиімділігі - оқушылардың білім олқылықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы бар екендігі анықталды. Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдер шығармашылығын жаңаша, ғылыми - зерттеу бағытында құруды талап етеді. Демек компьютер оқушылар мен мұғалім жұмысын ұйымдастыруда кең мүмкіндіктерге ие, оқытудың әдістерін кеңінен әрі сапалы қолдануға мүмкіндік береді. Ендеше, ақпараттық технологияны сабақта қолдану оқушының іс - әрекетін, жұмысын түрлендіруге көмектеседі, зейінін белсендіреді, жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерін жоғарлатады деуге болады. Ақпараттық технология арқылы жасалатын тест тапсырмалары уақытты үнемдеуге көмектесе отырып, оқушылардың өз білімін бағалауға үйретеді. Ең бастысы оқушылардың өзіндік білім алуын қамтамасыз етіп, әртүрлі білім көздерінен негізгісіз бөліп алу, тауып алу дағдыларын дамытады. Әрбір оқушының білім деңгейіне талапқа сай көтеру үшін озық әдістемелік технологиялар қажет. Сол жаңа озық әдістемелік технологиялармен қаруланған, заман талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, яғни ақпараттық коммуникациялық технологияларды толық меңгерген педагог қана білім алушының сапалы білім алуына мүмкіндік жасайды. Оқытудың озық технологиясын меңгеру оқытушының кәсіптік шеберлігіне байланысты. Бұл әрбір ұстазды ойландырып, жаңаша жұмыс істеуге, жаңа ізденістерге жетелейді. Осы орайда Ж.Аймауытов «Сабақ беру үйреншікті жәй ғана емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер», деп тұжырым жасайды. Сондықтан мұғалім өз пәнінен психологиялық тұрғыдан қарап, әдістемелік шеберлікпен келу керек. [4, 129-134,145б]

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.- Астана, 2007. -1, 5 б.
2. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері.- А.: Білім,2008. - 8-9 б.
3. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік.-// Қазақстан мектебі, №4, 2006. - 17-25 б.
4. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау- 2004.- 129-134, 145 б.